

I жүргізуші

Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,
Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады.
Жеткізіп өткендердің өсиетін,
Шешіліп кейде достай сырласады.

II жүргізуші

Армысыздар, ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, 4 сыныптар арасында ұйымдастырылған «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» атты сайысымызға қош келіпсіздер!

I жүргізуші

Сайысымызды бастамас бұрын сайыс кезеңдерімен таныстырып өтсем.
САЙЫСТЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

I кезең Таныстыру

II кезең Кім жүйрік?

III кезең Суреттер сыр шертеді

IV кезең Сиқырлы қорапша

II жүргізуші

Бүгінгі сайысымызға төрелік ететін әділ- қазы алқасымен таныстырып өтсек
(Әділ-қазылар мүшелерімен таныстырылады).

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ақерке Мамбеталиева
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Роза Альтекова
3. Бастауыш сынып мұғалімі Сауле Қарашбаева

Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады. Қатысушыларымызға сәттілік тілейміз

I жүргізуші

Сайысымыздың бірінші кезеңі «Таныстыру». Бұл кезеңде әр топтың топ басшылары, топтың аталу себебі мен топ мүшелерімен таныстырып өтеді.

II жүргізуші

Сайысымыздың екінші кезеңі «Кім жүйрік?» -деп аталады. Бұл кезеңде әр топ ұяшықты таңдап, сұрақтарға жауап береді. (Ретімен әр топқа ұяшықтар таңдау кезегі беріледі)

1. Қазақтың үш бәйтерегін атаңыз. (**Ильяс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин**)
2. Бес арысты атаңыз. (**Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мыржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев**)
3. Қазақ даласында тұңғыш мектеп қай жылы ашылды?

- (1864 жылы Торғай қаласында Ыбырай Алтынсарин)
4. Абай Құнанбаев қай жылы дүниеге келді? 1845 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданындағы Шыңғыс тауында дүниеге келген)
 5. Қазақтан шыққан тұңғыш геологты атаңыз. (Қаныш Сәтбаев)
 6. Әлемнің екінші ұстазы атанған ғұлама кім? (Әбу Насыр Әл Фараби)
 7. Абылай ханның азан шақырып қойған аты? (Әбілмәнсүр)
 8. Ақын жазушы Сапарғали Бегалиннің «Дала сұңқары қиырға қарайды» әңгімесінің басты кейіпкері кім? (Шоқан Уалиханов)
 9. Қазақтың сурет өнерінің ең басында тұратын атақты суретші? (Әбілхан Қастеев)
 10. Дала академигін атаңыз. (Ы.Жақаев)
 11. Үш жүздің басын қосқан хан. (Абылай хан)
 12. Алғаш қазақ әліпбиін жасаған кім? (Ахмет Байтұрсынұлы)

I жүргізуші

Ендеше сайысымыздың үшінші кезеңі «Суреттер сыр шертеді». Бұл кезеңде қатысушыларға суретті пазылдар беріледі. Нәтижесінде суреттегі ұлы тұлға жайында мәліметтер айтады.

II жүргізуші

Бүгінгі сайысымыздың соңғы кезеңі «Сиқырлы қорапша». Бұл кезеңде капитандар сайысады. Ең алдымен әр топқа қорап беріледі. Сол қораптың ішінде жасырылған тұлғаның атын айта отырып, ақынның шығармасынан үзіндіні мәнерлеп жатқа оқиды.

II жүргізуші

Сонымен бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті.

Сөз кезегін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ақерке апайымызға береміз.

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы
«Қазақ даласының ұлы тұлғалары» зияткерлік сайыстың**

АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты: Жас ұрпаққа қазақ халқының тарихында өшпестей орын алған қазақ зиялылары туралы мағлұматтар беру, олардың есімдерін қастерлеп, құрметтеуге, Отаншылдық сезімге, елжандылыққа тәрбиелеу. Оқушының бойына ақыл мен парасатты, сөз құдіреті мен көркем сөздің мәйегін бойына сіңдіру.

Әрбір халықтың ұлы тұлғалары бар екені баршаға мәлім. Олар өз елінің мақтаныштары және сол елдің тарихын жасаушы тұлғалары. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлы даланың ұлы есімдерін» жаңғыртуды міндеттеді. «Тұлға деген ұғым - тарихи өлшем. Тарихи оқиғаларды ұйымдастырушысы болған, асқан ерлік көрсеткен азаматтар- халықтың тұғырлы тұлғасына айналып отырған». Осылайша ұрпақтан ұрпаққа таралып ел есінде сақталып келеді. Бүгін мектебімізде Оқуға құштар жобасы аясында 4 сыныптар арасында ұйымдастырылған «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» атты зияткерлік сайыс болып өтті. **Сайыс төрт кезеңнен тұрды.**

1- кезең Таныстыру

2 -кезең Кім жүйрік?

3 -кезең Суреттер сыр шертеді

4 -кезең Сиқырлы қорап

Оқушылар «Ұлы дала мұрагерлері», «Жас алаш» тобы болып екіге бөлінді. Кім жүйрік? кезеңінде ұяшықтар ашылып, сұрақтарға жауап берді. Суреттер сыр шертеді кезеңінде қима қағаздарды құрастыра отырып жапсырма жұмысын жасады және нәтижесінде шыққан ұлы тұлғаның суретін танып, тұлғаның өмірі жайында мағлұмат берді. Сиқырлы қорап кезеңінде берілген тұлғаны тани отырып, оның шығармаларынан үзіндіні жатқа оқыды. Бұл кезеңде екі топтың капитандары сайысқа түсіп, бақтарын сынады. Сайыс өз мәресіне жетті. Сайыстың төрешісі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ақерке Абдипатшаевна сайысты қорытындылай отырып, жеңімпаз командаларды марапаттады. Сайысқа қатысқан ұстаздар мен оқушыларымызға алғыс білдіреміз.

